«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120008, Қызылорда қаласы, Жалантөс Бахадур көшесі, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

120008, город Кызылорда, улица Жалантос Бахадура, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

№ 06-23/ЗТ-М-569
26.07.2018 ж

«Кызылорда дизайн» ЖШС-нің
басшысы К. Мустафаевқа

Қызылорда қаласы, Абай даңғылы , № 28

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне (*әрі қарай - Департамент*) 2018 жылғы 21 шілдедегі № 19010 электронды түрде келген Сіздің «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (*әрі қарай - Ұйымдастырушы*) ұйымдастырылған «Қызылорда облысының туристік әлеуеті бойынша ақпараттық имидждеу өнімдерін әзірлеу» сатып алу бойынша жалпы сомасы 25 000 000 теңгеге жарияланған № 2648246-1 конкурсының нәтижесіне келіспеушілік білдірген арызыңызға төмендегіні хабарлайды.

Тапсырыс беруші Қызылорда облысы кәсіпкерлік және туризм басқармасының конкурстық құжаттамадағы техникалық ерекшелігінде Қызылорда облысының туристік әлеуеті туралы ақпараттық өнімді дайындаудың техникалық сипаттамасында әлеуетті өнім берушіге еңбек ресурстары бойынша туризм мамандығы бар немесе туризм саласында кем дегенде 1 жыл практикалық жұмыс өтілі бар 2 бірлік жұмыскерлер, филолог мамандығы бойынша кем дегенде 3 жыл еңбек өтілі бар 1 бірлік жұмыскер, дизайнер мамандығы бойынша кем дегенде 1 жыл еңбек өтілі бар жұмыскер, журналист мамандығы бойынша кем дегенде 3 жыл еңбек өтілі бар 1 бірлік жұмыскер, кем дегенде 2 жыл жұмыс өтілі бар 2 бірлік кәсіпқой фотографтар, кем дегенде 1 жыл еңбек өтілі бар 1 бірлік баспахана маманы талап етілген.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 - V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9 - бабының 3 - тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» № 648 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың (бұдан әрі- Қағидалар) әлеуетті өнім беруші көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырылатын біліктілігі туралы мәліметтер бойынша конкурстық құжаттаманың 6- қосымшасының 4 – бөлімінде конкурста сатып алынатын қызметтерді көрсету саласындағы жұмыс өтілі бойынша талап болған жағдайда еңбек кітапшасының электрондық көшірмесі қызметкердің Т.А.Ә. (жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі) қоса берілсін деп көрсетілген.

Қағидалардың 150 - тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер:

- әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) белгіленген сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі
- конкурстық құжаттаманың 5, 6 және 7- қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы;

Камералдық бақылау жүргізу барысында әлеуетті өнім беруші «Қызылорда дизайн» ЖШС - нің конкурсқа ұсынылған өтінімінде фотограф Шайланов Батырбек Миранбекұлының қызметтерді көрсету саласындағы жұмыс өтілі бойынша еңбек кітапшасының электрондық көшірмесі ұсынылмағандығы анықталып, осыған орай конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «Қызылорда дизайн» ЖШС- ін конкурсқа жібермеу туралы шешімінде мемлекеттік сатып алу заңнамалары бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қағидалардың сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші үшін) бойынша конкурстық құжаттаманың 2 - қосымшасына сәйкес орындалу (көрсетілу) сапасы осындай жұмыстарды (қызметтерді) тікелей орындайтын (көрсететін) қызметкердің біліктілігіне байланысты жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жағдайында техникалық ерекшелікте қызметкерге, оған жүктелетін міндеттерді орындау үшін оның қажетті деңгейі мен кәсіби даярлық бейінін, үш жылдан аспайтын жұмыс өтілін (Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе бекітілген нормативтерде неғұрлым жоғары өтіл көзделген жағдайларды қоспағанда) айқындайтын қойылатын талаптардың сипаты беріледі.

Қағидалардың біліктілігі туралы мәліметтер бойынша 5 қосымшасының 11 бөлімінде растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болатындығы көрсетілген.

Осыған сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Оспанова» жеке кәсіпкерімен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес тиісті құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылған.

Осыған орай, Департамент Сіздің шағымыңызда көрсетілген уәждеріңіз өз дәлелін таппағандықтан конкурстың нәтижесін қайта қарауға негіз жоқ екендігін хабарлайды.

Көрсетілген жауаппен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Департамент басшысының міндетін атқарушы **М. Егембердиев**

орын: М. Есенбаев
тел: 233809